

Жас маман мектебі жұмысының жоспары

2024-2025 оқу жылы

Мақсаты:

Жас педагогтерге кәсіби қолдау көрсету, әдістемелік көмек беру және олардың педагогикалық шеберлігін, шығармашылық әлеуетін дамыту арқылы білім сапасын арттыру.

Міндеттері:

1. Жас мамандарды мектеп ұжымына бейімдеу және тәлімгерлік жүйесін ұйымдастыру.
2. Сабақ беру әдістемесін, құжат жүргізу дағдыларын меңгерту.
3. Жас мамандардың кәсіби өзін-өзі дамытуына жағдай жасау.
4. Ашық сабақтар, шеберлік сағаттары, семинарлар арқылы тәжірибе алмасу мүмкіндігін ұсыну.
5. Рефлексия жасау арқылы өз тәжірибесіне талдау жасауға баулу.
6. Жас маманның жыл бойғы жетістіктерін портфолио түрінде жинақтау.

Күтілетін нәтижесі:

- Жас маманның кәсіби құзыреттілігі артады;
- Оқу-тәрбие процесін тиімді ұйымдастыруға бейімделеді;
- Сабақ құрылымы мен әдістемесін сауатты құрастыра алады;
- Өз жұмысын талдай алатын және жетілдіре алатын мұғалім қалыптасады;
- Ұжыммен жұмыс істеу, педагогикалық этика нормаларын сақтау дағдылары дамиды;
- Жыл соңында сапалы портфолио мен қорытынды есеп дайындай алады.

№	Іс-шара атауы	Мақсаты	Мерзімі	Жауапты	Күтілетін нәтиже
1	Жас мамандар тізімін анықтау	Менторлық жұмысты жүйелеу	Қыркүйек	ӘБ жетекшісі	Жас мамандармен жұмыс айқындалады
2	Тәлімгер тағайындау	Жас маманға кәсіби көмек көрсету	Қыркүйек	Директордың ОТЖ орынбасары Жаппарова Г.А.	Тәлімгерлік жүйе қалыптасады
3	«Жас маманға – жүйелі қолдау» семинары	Әдістемелік бағыт-бағдар беру	Қыркүйек	ӘБ жетекшісі	Теориялық дайындық артады
4	Сабақ жоспарын бірлесіп жасау	Сабақ құрылымын меңгеру	Қыркүйек-қазан	Тәлімгер, жас маман	Жоспарлау дағдысы қалыптасады
5	Ашық сабақтарға	Үлгі сабақтарды көру арқылы	Қазан-желтоқсан	Жас маман	Сараптама жасай білуге үйренеді

	қатысу және талдау	тәжірибе жинау			
6	Шеберлік сағаттары мен тренингтер	Әдістемелік қорын толықтыру	Қараша-наурыз	ӘБ мүшелері	Сабақ беру сапасы артады
7	«Менің алғашқы жетістігім» коучингі	Кәсіби рефлексия жасау	Қаңтар	Жас маман	Өз өсуін бағалауға үйренеді
8	Портфолио жинақтау	Жұмыс нәтижесін жүйелеу	Сәуір	Жас маман	Құжаттар жинақталады
9	Қорытынды есеп және кері байланыс	Жылдық жұмысты талдау	Мамыр	ӘБ жетекшісі	Өсу динамикасы анықталады